

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 Хаттамасы
2025-2026 оқу жылы**

Мекеме атауы: «№28 сәбилер бақшасы» КМҚК

Күні: 17.09.2025

Уақыты: 15:00

Өткізілген орны: Балабақша музыкалық залы

Қатысқандар – 15

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерін сайлау, танысу
2. Қамқоршылық кеңес жұмыс жоспарларымен таныстыру
3. Жазғы жұмыс туралы әкімшілік есебі
4. Ақылы қызмет көрсету туралы

1,2 сұрақ бойынша Балабақша басшысы К.Е. Жумасанова сөз бастады. Жиналыс төрағасы қатысушыларға Қамқоршылық кеңесінің мақсаты, міндеттері және жұмыс тәртібі туралы қысқаша ақпарат берді. Кеңеске мүше болуға ұсынылған кандидаттардың тізімі таныстырылды.

Басшы барлық Қамқоршылық кеңес мүшелерін бақшаның талаптары мен ішкі тәртіп ережесімен, бақшаның визиттік парағының мәліметтерімен толықтай таныстыра келе, басшылыққа алатын нормативтік құжаттарға тоқталды. 2025-2026 жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырды. Сонымен қатар балабақшамыздың қызметкерлері туралы айтты. -Балабақшамызда бала тәрбиесімен айналысатын 25 педагог бар, оның ішінде 16 тәрбиеші, 6 маман-сурет, логопед, қазақ тілі, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы. Педагогтарымыз кәсіби маман біліктілігін арттыру курстарын өтті.

Қамқоршылық кеңес жиналысы жылына 4 рет болады, ал жалпы ата-аналар жиналысы 2 рет болады. Осы жиналыстарда қамқоршылық кеңес мүшелерімен балабақшамыздың мәселелерін сіздермен ақылдасып кеңесеміз. Сондықтан бүгінгі жиналысымызда жаңадан қамқоршылық кеңес мүшелерін сайлауымыз керек. Қамқоршылық кеңес мүшесіне ата-аналар ішінен 7 адам сайланады. Оның ішінен қамқоршылық кеңес мүшесінің төрайымы – Шахманова Айнагуль Бейзитовна, жұмыс орны - Төтенше жағдайлар департаменті; ата-аналар комитетінің өкілі – Тілеген Ақбота Қанатбекқызы, А. Байтұрсынұлы инновациялық үлгідегі ЖОМ мұғалімі, Көпей Толқын Болатовна – ТОО KSP Steel, дичпетчерлік оператор; бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі – Молдаш Айгүл Тұрсынқызы, жұмыс орны – Республикалық «Білім айнасы» газетінің Павлодар облысындағы меншікті тілшісі; құқық қорғау органдарының өкілі – Аухадиев Сырым Маратұлы, жұмыс орны - Павлодар қаласының ПБ аға лейтенанты; педагогикалық еңбек ардагері – Жакупбекова Рымтай Кабдылхамитовна, «Ailin-cakes» жеке

кәсіпкер – Уалиева Инкар Аянбековна, хатшысы болып Кисамиденова Самал Нурлыбековна сайланады.

2025-2026 оқу жылында балабақша бойынша екі - Ерте жас топтары, екі - Кіші топтары, екі - ортаңғы топтары, екі - ересек топтары, екі - мектепалды топтары бар, осы топтарда жас ерекшеліктеріне байланысты сурет, психолог, логопед, музыка, қазақ тілі, дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс-әрекеттері өткізіледі.

Келісім шарттағы міндеттерімен таныстырылып және төлемақыны әр айдың 10-15 аралығына дейін төленуін сұрады.

3 сұрақ бойынша

Ағымдағы жөндеу жұмыстары туралы бухгалтер С.К.Бекенов сөз сөйледі. Жазғы мезгілде ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сол кезде балабақшамыз екі жұмаға жабылды. Осы уақытта балабақшамыз сыланып және сырланды, сонымен қатар алаңдарымыз сырланды. Жөндеу жұмыстарына әр түрлі бояулар, водоэмульсия, валик, колерлар, әк валиктер, бояуға және ақтауға арналған щеткалар алынды. Сіздерден уақытында төлемақыны төлеп тұруларыңызды сұраймыз.

Келесі сөз кезегі медбике А.Е. Шаханға берілді. Ол өзінің сөз басында жазғы жұмыстары туралы есеп берді. Нақты айтқанда балалардың жазғы ас мәзірі мен тамақтануы, шынықтыру шаралары жөнінде (шырындар берілді, жеміс-жидектер, көкөністер, сонымен қатар шынықтыру шаралары –күнге күй, жалаң аяқ жүру, су бүрку ойындары және т.б.).


4 сұрақ бойынша логопед А.Е. Ахметбекова тыңдалды. Ол балабақшадағы «Логопед» ақылы қызметпен таныстырды. Балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналған «Логопед» ақылы қызметінің жоспарын, кестесін, Ережесін қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің назарына ұсынды. Сурет мұғалімі Г.С. Кайдарова тыңдалды. Ол балабақшадағы «Шебер қолдар» ақылы қызметпен таныстырды. Балалардың қол моторикасын дамытуға арналған «Шебер қолдар» ақылы қызметінің жоспарын, кестесін, Ережесін қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің назарына ұсынды. Ақылы қызметке жазыламын деген ата-аналардың тізімін құрап, келісімшартқа отыру қажет екендігін атап өтті.


Шешімі:

- 1.2025-2026 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңес мүшелері құрылды.
- 2.Қамқоршылық кеңес үшелері жұмыс жоспарымен таныстырылды.
- 3.Жазғы жұмыс жөнінде есеп берілді.
4. «Логопед», «Шебер қолдар» ақылы қызмет көрсету жайлы айтылды.

Жиналыстың төрайымы «№28 сәбилер бақшасы»

басшысы

 **К.Е. Жумасанова**

 **С.Н.Кисамиденова**